



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Логика. 1-бөлім



Мақсаты – Аристотель силлогистикасының негізінде логиканы «айқын дәлелдерді әлсіз, солқылдақ дәлелдерден ажырата алатын» ғылым ретінде қарастыру.

Жоспары:

1. Аристотель силлогистикасы.
2. «Түсіндірме туралы» және «Категориялар».

Түйін сөздер

Логика, силлогистика, силлогизмдер, дәлел, ұғым, пайымдау, мән категориялары, сан, сапа, қатынас, орын, уақыт, жағдай, иелену, әрекет, зардаптану.

Ұсынылып отырған дәріс Энтони Кенни кітабының үшінші бөлімінде қарастырылған логика мәселелеріне, оның ішінде Аристотель силлогистикасына және оның «Түсіндірме туралы» мен «Категориялар» еңбектеріне арналады. Кеннидің Аристотель логикасын талдауына кіріспес бұрын, Бертран Расселдың «Батыс философиясының тарихындағы» Аристотельдің логикалық зерттеулеріне берген бағасына назар аударғым келіп отыр. Аристотельдің тигізген ықпалы көптеген салаларда өте жоғары, дегенмен, ол логикаға қаттырақ әсер етеді», – дейді Рассел. Классикалық кезеңнің соңына қарай, Платон әлі де метафизикада басым түскенде, Аристотель логика саласында танылған мәртебеге ие болды және Орта ғасырлар бойы солай қала берді. Тек XIII ғасырда христиан философтары оған метафизика саласында бірінші орынды берді. Аристотель метафизика саласында біріншілігінен Ренессанс кезінде айырыла бастаса да, логикадағы біріншілігін сақтап қалды. Қазірдің өзінде – деп жалғастырады Рассел – философиядан беретін барлық католик мұғалімдері және тағы басқалары қазіргі заманғы логиканың жаңалықтарын қабылдамайды және астрономия саласындағы Птолемейдің анық ескірген жүйесі секілді, жүйені таңғаларлық табандылықпен қолданады. Бұл Аристотельді тарихи түрде әділ бағалауда қиындық туғызады. Қазіргі уақытта оның ықпалының айқын ойға қарсылығы соншалықты, тіпті оны өзінің ізашарларымен салыстырғандағы (Платонды қоса айтқанда) алға жасаған елеулі қадамын, екі мыңжылдық тоқырау заманы келгенде логика дамуының тығырыққа тірелуінің орнына (шын мәнінде орын алғандай) прогрессивті дамудың сатыларының бірі болып қалуы, оның керемет логикалық жүйесі болғанын әзер еске аласың. Аристотельдің ізашарларын қарастыра отырып, оқырманға олардың еңбектері тікелей мағынасында шабыт берді деп айта алмайтынымызды еске түсірудің қажет жоқ шығар; сондықтан олардың барлық доктриналарымен келісетіндігімізді сездірмей, олардың қабілеттері, шеберлігі, ептілігі үшін мадақтауға болады. Аристотельдің еңбектері басқа мәселе. Олар, әлі де болса әсіресе, логика саласында, талас-тартыс объектісі және оларды тек қана тарихи қырынан қарастыруға болмайды». Сонымен, логика дегеніміз анық дәлелдерді әлсіз дәлелдерден бөле алатын ғылым, – деп белгілеген Энтони Кенниге қайта оралайық.

Аристотель логиканың негізін қалаушы деген атқа лайық және мұны құр мақтау ғана деп қабылдауға болмайды. Әрине, қоғамдасып өмір сүрген кезден бастап адамдар арасында дау-дамай туындаған тұстарда, қарсы жақ дәлелдерінің қисыны әлсіз, осал тұстарын тайға таңба басқандай көрсетіп, дау-шарды әділ төрелік айтып шешіп отыратын шешен-билер болған. «Құдай адамдарды екі аяқты болу үшін ғана жаратқан жоқ, оларды ақылды етуді де Аристотельге тапсырмады» дейді Джон Локк. Дегенмен Аристотельдің арқасында біз дәлелмен сендіре сөйлеудің алғашқы шартты білімін игердік. Алайда мұнда, ең алдымен, Платонға қарыздар екенімізді де мойындау керек. Протагордан кейін, Платон сөйлеу бөліктерінің арасындағы маңызды айырмашылықтарды көрсетті. Ал бұл айырмашылықтар логиканың құрылымының негізін құрайды. «Софист» диалогінде Платон зат есім мен етістіктің арасындағы айырмашылықты аңғартады. Етістік іс-әрекеттің көрінісі болса, зат есім сол іс-әрекеттің орындаушысы болып көрсетіледі. «Сөйлемде ең кемі бір зат есім мен бір етістік болуы керек. Қатарынан келген екі зат есім немесе қатарынан келген екі етістік сөйлем бола алмайды дейді ол. Мысал келтірейік: «Жүреді, жүгіреді» және «арыстан, бұғы». Бұлар сөйлем емес. Ал «адам оқиды» немесе «Теэтет ұшады» десек ше? Сөйлемнің ең қарапайым түрлері шамамен осындай болуы керек. Құрылымы осындай сөйлем ғана ақиқат немесе жалған бола алады. Сөйлемнің кішкентай бөліктерге бөлінуі – дәлелді логикалық талдаудағы ең қажетті алғашқы қадам.



Аристотель логика туралы біраз трактат жазып қалдырды. «Категориялар», «Түсіндірме туралы», «Алғашқы аналитика», «Кейінгі аналитика», «Топика», «Софистикалық тойтарыс». Аристотельдің логика саласындағы осы трактаттарының оның шығармашылық мұрасының бастапқы Корпусындағы орналасу реті осындай. Бұл тәртіп олардың жазылу кезегіне де, оқылу жиілігіне де байланысты емес. Кеннидің айтуы бойынша Аристотельдің логикалық шығармаларын қарастыру логика пәніне қосқан үлесінің ішінде ең елеулі және ең аз талас тудыратын еңбегі «Алғашқы аналитикадан» бастау керек.

«Алғашқы аналитика» қорытынды жасаудың негізгі әдісі – силлогизмдер теориясына арналған. Оны мынандай танымал мысалдардың бірі арқылы көрсетуге болады:

Әр грек – адам.

Әр адам – ажалды.

Демек, әр грек – ажалды.

Аристотель силлогизмдердің көптеген формаға ене алатынын және солардың қайсысы сенімді қорытынды бере алатынын көрсеткісі келеді. Осындай зерттеулер жүргізу мақсатында Аристотель логиканың барлық тарихында маңызды рөл атқарған және көптеген тілдерге аударылған техникалық лексиканы енгізді. «Силлогизм» сөзі гректің «*syllogismos*» сөзінің қазақша аудармасы. Оны Аристотель ой қорытындының мысалы ретінде пайдаланады. Ол «Алғашқы аналитика» еңбегінің басында оған мынадай анықтама береді. «Силлогизм – пайым, егер белгілі бір нәрсе болжамдалған болса, онда белгілі нәрседен, оның болуы тиіс белгілі нәрсе қажеттілікпен шығады». Аристотельдік силлогизм үш пайымдаудан құралған, оның екеуі – алғышарт, үшіншісі – қорытынды. Жоғарыда келтірілген мысалда пайымдау «әр» деген сөзден басталады, мұндай пайымдауларды Аристотель әмбебап деп атайды. Бірақ бұл жалпыға ортақ пайымдаулардың жалғыз түрі емес. Жалпы пайымдауларға мысалға «Гректер – жылқы емес» деген сияқты тұжырымдамалар да жатады. Бірінші тұжырымдама жалпы қостаушы пайымдау болса, екіншісі – жалпы терістеуші пайымдау болып саналады.

Әмбебап пайымдаулармен салыстырғанда, «кейбір гректердің сақалы бар» (жеке қостаушы) немесе «Кейбір гректерде сақал жоқ» (жеке терістеуші) деген сияқты ерекше пайымдаулар де болады. Жекелеген пайымдаулар тек бір нақты затқа қатысты айтылған, жеке түрдің аумағындағы бірқатар көріністерді қамтитын түрлермен жұмыс жасайды. Жалпы пайымдаулар бір де біреуін жібермей, мысалы: «барлық адамдар ажал құшады» деген пайымдаудағыдай берілген түрдің барлығына қатысты болуы керек. Пайымдау қостау немесе терістеу сипатында болатындықтан ол ақиқат немесе жалған болуы мүмкін, өйткені «әрбір қостау (немесе терістеу), болжам бойынша немесе ақиқат немесе жалған». Болмыста қосталған немесе терістелген пайымдауға қостау мен терістеу дәлме дәл сай келсе, ақиқат сонда болады. Егер де пайымдауда болмыстағы терістелсе және болмыста қосталған пайымдауда терістелсе ақиқаттың бұзылуы сөзсіз.

Аристотель силлогизмде кездесетін терминдерге әртүрлі үш рөл береді. Әрбір силлогизмде үш пайымдау бар. Олардың әрқайсысында екі негізгі ұғымдар кездеседі. Алғашқы және екінші сөйлемде орта термин қайталанылады. Қорытынды осы сөйлемде орын алған ұғымдардан құралады. Силлогизмдер жөніндегі ілімде орта термин аса маңызға ие. Соның арқасында пайымдаулар байланысы мүмкін болады. Оның өзі қорытындыға кірмейді. Орта терминнің маңызы оның силлогизмдегі орналасуына қарай ұғымдарды байланыстыру тәсілі тәуелді, яғни силлогизмнің нақты фигурасы.

Ойлап табылған техникалық терминдерге қоса, Аристотель дәлелдердің дайын үлгілерін анықтау үшін сызбалық таңбаларды пайдалануды – пайымдауларды жүйелі түрде зерттеу үшін қажетті және қазіргі математикалық логикада жаппай қолданылатын құрылғыны енгізді. Айта кететін нәрсе, жоғарыда біз келтірген дәлелдер сызбасын Аристотель мысал арқылы емес, мынадай сызбаланған сөйлеммен келтірді:

Егер А әр В-ға жататын болса, ал В әр С-ға жататын болса, онда А әр С-ға жатады.

Егер Аристотель нағыз мысал келтірмек болса, онда ол силлогистикалық дәлелдер арқылы емес, сызбалық сөйлемдерді ұсынып, содан кейін А, В және С-лардың орнына мүмкін деген ауыстыруларды қояр еді.

Аристотель орта терминнің сөйлемдегі орнына сәйкес, үш таған конструкцияны үш фигураға (сызба) топтастырды. Біздің алғашқы мысалымыздағы бірінші фигурада орта термин бір рет предикат есебінде және бір рет субъект есебінде келтірілген. Екінші фигурада орта термин екі



рет субъект есебінде көрінсе, үшінші фигурада ол екі рет предикат түрінде көрінеді. Сонымен, S-ті екінші қатарлы, M-ді орта және P-ны басты терминдер есебінде пайдаланып, біз мынадай үш сызба түземіз:

1. S–M M–P S–P
2. M–S M–P S–P
3. S–M P–M S–P

Аристотель силлогизмдерде, негізінен, бірінші фигураға тәнті болды. Ол соны ғана «жетілген» деп есептеді. Мүмкін, бұл басқа фигуралардағы силлогизмдерге жетіспейтін айқын негізділігіне байланысты шығар.

Барлық фигуралардағы силлогизмдерге қолдануға болатын үш ереже бар:

1. Кемінде бір алғышарт жалпы болуы керек;
2. Кемінде бір алғышарт қостаушы болуы керек;
3. Егер екі алғышарт теріске шығатын болса, онда қорытынды да теріске шығатын болуы керек.

Бұл ережелер әмбебап, бірақ нақты фигураға қатысты нақты формаларға ие болады. Бірінші фигураға сәйкес ережелер:

1. Негізгі алғышарттар жалпы болуы керек;
2. Екінші қатардағы алғышарттар қостаушы болуы керек.

Осылайша, барлық силлогизмдер үш терминнен және үш пайымдаудан тұрады. Силлогизм фигурасы орта терминнің орналасуымен анықталады. Модустар алғышарттар сипатымен негізделеді, олар жалпы қостаушы, жалпы терістеуші, жеке қостаушы және жеке терістеуші болуы мүмкін. Силлогизмның барлық нұсқаларын қарастырып Аристотель қорытынды тек тек қана төрт дұрыс жағдайда анықталады дейді, жалпы қостаушы алғышарт жалпы қосталғанымен, жалпы терістеуші жалпы қосталғанымен, жалпы қостаушы жеке терістелгенімен және жалпы терістеуші жеке терістелгенмен қосарланғанда іске асады.

Аристотельдің силлогистикасы керемет жетістік болды. Ол логиканың маңызды бөлігінің жүйелі қалыпқа енуіне жәрдемдесті. Оның ерте орта ғасырлардан кейінгі кезеңдегі ізбасарларының кейбірі силлогистика түгел логиканың өзі деп бағалады. Мысалы, Иммануил Кант өзінің «Таза ақылға сын» шығармасының екінші басылымына жазған кіріспесінде Кант: «Аристотельден соң осы уақытқа дейін логикаға еш жаңалық енгізілген жоқ», – деп атап көрсетеді. Алайда, шындығында, силлогизм – логиканың тек бір фрагменті ғана. Аристотель, бәлкім, бір сәтте өзінің силлогистикасы нағыз ой-тұжырымды қарастыруға жеткілікті деп ойлаған шығар. Бірақ оның логикалық еңбектері көрсеткендей, силлогистикада қолданылған әдістер анағұрлым күрделі логикаға жүрмейді.

Аристотельдің «Түсіндірме туралы» трактаты пайымдаулар теориясына арналған. «Әр адам ақ» және «Бірде-бір адам – ақ емес» деген екі пайымдауда екеуі де бірге ақиқат болуы мүмкін емесі айқын. Аристотель мұндай пайымдауларды қарама-қарсылықтар дейді. Алайда егер сондай жағдайларда кейбір адамдар «ақ», ал кейбірі ондай емес болса, онда олардың екеуі де жалған болғаны. «Әр адам ақ» және «Кей адамдар ақ емес» болса, алдыңғы жұптағы сияқты екеуі де ақиқат бола алмайды. Егер олардың біреуі ақиқат болса, екіншісі жалған. Аристотель мұндай жұпты қарама-қайшылық деп атайды. Осылайша, Аристотель «Түсіндірме туралы» трактатында алғаш рет қарама-қайшылық және қарама-қарсылықтар арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Кейінірек, Аристотель ізбасарлары бұл қарсылықтарды логикалық шаршы деген атпен белгілі диаграммаға салды. Логикалық шаршы – пайымдауларды жіктейтін кесінділік тәсіл. Оның формасы геометриялық шаршыға ие. Оның жіктелу жүйесі барлық анықтаушы (жекелеген, жалпы және дара) пайымдауларды енгізеді. Және жалпы мен дара пайымдаулар субъект көлеміне теңбе тең ретінде қарастырылады. А, Е, I, O түрлеріндегі пайымдаулар арасындағы қатынастар түрін есте сақтауды жеңілдету үшін адамның елестеуіне жүгінсек, бір нәрсе туралы, сол жерде және сондай қатынаста сынды көрнекі сызбаны көреміз. Бір нәрсе туралы, бір мезгілде, бір қатынасында және өзара тек саны мен сапасына қатысты айырықшаланатын пайымдаудың ақиқаттығы формальды-логикалық тәуелділікте.



«Алғашқы аналитика» пайымдаулар мен терминдердің айырмашылығын қарастырған болса, «Категориялар» «сөз болған заттарды» күрделі және қарапайым деп бөлуден бастайды. Мысалы, «Адам жүгіріп келеді» – күрделі; қарапайым сөйлем – «адам», «бұқа», «жүгіру», «жеңіс» және т.б. сөздерден тұрады. Тек күрделі пайымдаулар ғана ақиқат немесе жалған болуы мүмкін. Қарапайым айтылған нәрсе ақиқат та, жалған да бола алмайды. Сонымен, «Категориялар» Аристотельдің пайымдаудың субъектісі немесе предикаты бола алатын барлық ықтимал түрлері сипатталатын шығармасы. Аристотель пайымдауға келетін әрбір сөзді он категорияның біріне әкеледі. Олар құрамсыз немесе құрылымсыз білдіруге болатын барлық нәрселерді санап шығуға арналған, яғни не зат болатын не пайымдаудың предикаты болатын шешімнің негізі болуы мүмкін. Категориялар – пайымдаулардың, нақтырақ айтсақ атаулардың жалпылама түрі. Басқа сөздермен байланыспаған жеке алған әр сөз, яғни «адам», «жүгіреді» (бірақ, «адам жүгіреді» емес) деген сөз «немесе мән» немесе «қанша», әлде «қандай», әлде «бір нәрсеге қатынасында», немесе, «қайда», не «қашан», немесе «қандай да бір жағдайды» немесе «иелену» немесе «әрекет ету» немесе «зардаптану» дегенді білдіреді.

Қалай болғанда да, біріншісінен басқа категориялар алғашқы мән туралы айтады. Сондықтан бәрі тоғыз категорияның біріне немесе екіншісіне түсетіндіктен, алғашқы мән болып табылатын бастауышта болады. Ол қатаң айтқанда, категория болмауы керек. Өйткені категориялар – предикат. Ал бірінші мән әрқашан субъект.

Аристотель категориялар арасындағы айырмашылықтарды, олардың құрамын грамматикалық айырмашылықтардан қарай шығарды деген пікір де бар. Енді осыған назар аударып көрейікші:

- Мән – зат есім (мысалы, адам).
- Сан – сан есім (бір, бірнеше).
- Сапа – сын есім (кәрі, кішкене).
- Қатынас – шырайлар (бәрінен бұрын, бәрінен жоғары).
- Орын – мекен үстеу (көшеде, таудың етегінде).
- Уақыт – мезгіл үстеу (бүгін, алдыңғы күні).
- Жағдай – салт етістік (тұр, жатыр).
- Иелену – ырықсыз етістің грек тіліндегі перфекті.
- Әрекет – етістік (әрекет ету).
- Зардаптану – ырықсыз етістің етістігі (қуылған, ұрылған).

Бұлай емес болуы да мүмкін. Өйткені Аристотельдің еңбектерінде тек зат есім мен етістік қана айқындалып көрсетілген. Ол еш жерде сөйлемнің басқа мүшелерін тілге тиек етпеген. Сонымен қатар, грамматика біріктірген дүниелер категорияларда ажыратылған немесе керісінше. Бұл категориялық-грамматикалық кестеде мән категориясын білдіруі тиіс, ал анықтап айтқанда мән категориясының аясында қарастырылуы тиіс сапа мен сан тек сын және сан есім арқылы ғана емес, зат есіммен де сипатталады.

Осылайша, біз Энтони Кенни еңбегінің үшінші бөлімінде талданған логиканың кейбір мәселелерін, соның ішінде Аристотель силлогистикасын және оның «Түсіндірме туралы», «Категориялар» еңбектерін қарастырдық. Келесі дәрісімізде біз осы тақырыпты жалғастырып, Аристотельдегі уақыт пен модальдылық мәселелеріне, сонымен қатар, стоиктер мектебінің логикасына тоқталамыз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Дәлелдеудің логикалық талдауындағы алғашқы маңызды қадам?
2. Аристотель силлогизмді қалай анықтайды?
3. Силлогизмдегі орта терминінің рөлі қандай?
4. Дара, жекелеген және әмбебап пайымдаулардың айырмашылығы неде?
5. Силлогизмдердің барлық фигураларына қолданылатын жалпы ережелер қандай?
6. Силлогизмнің алғашқы фигурасына тән ереже қандай?



7. Қарама-қарсылықтар мен қарама-қайшылық арасындағы айырмашылық неде?
8. Логикалық шаршы дегеніміз не?
9. Аристотель не себепті он категорияны ұсынды және олардың мәні неде?

Әдебиет

1. Anthony Kenny, *Ancient Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 1.* – Oxford University Press. – 2014. – 368 p.
2. Кенни Э., Батыс философиясының жаңа тарихы, 1 том, Антика философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 408 б.
3. Әлемдік философиялық мұра: жиырма томдық. 3-том: Аристотель философиясы / құраст.: Қ.Ә. Әбішев. – Алматы: Жазушы, 2005. – 567 б.
4. Adler M., *Aristotle for everybody. Difficult Thought Made Easy.* Published June 1st 1997 by Touchstone (first published 1978).
5. Диоген Лаэртский, О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. / Пер. М. Л. Гаспарова. ред. А. Лосева. (Серия «Философское наследие»). – М., Мысль, 1979. – 624 с.
6. <http://rushist.com/index.php/philosophical-articles/2405-sillogizm-aristotelya>.
7. <https://viakent.ru/enc/1637/>.